

80

A large, stylized red graphic element resembling a flower or a cluster of leaves, positioned below the number 80. The graphic consists of several overlapping, pointed shapes that form a central stem and radiating petals or leaves.

Құрметті М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы!

Еліміздің теріскей өңірінде орналасқан Жоғары оқу орындарының қара шаңырағы – М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін 80 жылдық мерейтоймен шын жүректен құттықтаймыз! Асқаралы асулы кезеңдерде өзіндік тарихы мен дәстүрін қалыптастыра алған университет қабырғасында мыңдаған қазақстандық жастар білім алып, өмір мектебіне жол тартты.

Бүгінгі таңда М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті – **Қазақстанның жоғары білікті мамандарын дайындайтын ірі білім орталықтарының бірі ретінде танымал. Университет** түлектері Отанымыздың барлық аудандарында халықшаруашылығының әртүрлі салаларында жеңісті де жемісті еңбек етуде.

Заманауи білім беру ісін жетілдіру мен дамытуда және кәсіби білікті жетілдіруде қазіргі заман талаптарына сәйкес озық технологиялармен жабдықталған алдыңғы қатарлы ғылыми-оқу орталығына айналған университет ұжымы жаңа даму деңгейінен көрінуде.

Құрметті М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы! Университет есімін алып отырған әлемдік деңгейге танымал академик М. Қозыбаев ұзақ жылдар біздің Институтты басқарғандығын ескере отырып, Сіздер мен біздер рухани туыстар екендігімізді баса айтқымыз келеді. Қазіргі таңдағы еліміздің жаңа тарихи кезеңіндегі қоғамдық сананы рухани жаңғырту жолында жас ұрпақты тәрбиелеудегі университет ұжымының қосатын үлесі ерекше маңызды. Бүгінгі мерейтойда жылдар бойы ұрпақ жадына адамгершілік пен білім дәнін сепкен қажымас еңбектеріңіз жана берсін деген шын жүректен туған құттықтауымызды білдіруге рұқсат етіңіздер. Ұжымға қажымас қайрат, оқу-ғылыми және қоғамдық істеріңізде шығармашылық табыс тілейміз.

**Құрметпен, ұжым атынан
Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология
институтының директоры,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор**



З.Е. Қабылдинов